

Г.Әбілқасымова, Г.И.Исина

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: Botam_@mail.ru)*

Кәсіптік оқыту педагогтарын инновациялық іс-әрекетке даярлау мәселелері

Мақалада кәсіптік оқыту педагогтарын инновациялық іс-әрекетке даярлау мәселелері қарастырылған. Инновациялық іс-әрекет ұғымына талдау жүргізіліп, оның жаңашыл идеяларын, жаңашыл әдіс-тәсілдерін оқу-тәрбие үрдісіне өз кәсіби тәжірибесіне, мектеп жағдайына, тәлімгерлердің білім дәрежесінде байланысты әрекеті негізінде ұсынылған. Авторлар кәсіптік оқыту педагогтарына берілетін білім мазмұны оның болашақ кәсіби қызметіне қажетті білім, білік және дағдыларды игеру барысы мен нәтижесін қамтамасыз ету жолдарын, яғни болашақ кәсіби қызметіне даярлаудың қажетті шарттарын, көрсеткен.

Кілт сөздер: білім, іскерлік, дағды, болашақ маман, инновациялық іс-әрекет, кәсіптік оқыту, педагогикалық инновация, педагогикалық жаңалық.

Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» Заңында көрсетілгеніндей, адамзат құндылықтарының, ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау — білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып отыр. Кәсіби кадрларды дайындау мәселесін шешудің жаңа жолдары қарастырылуда.

Қазақстанда инновациялық экономиканың құрылуы жоғары оқу орындарында мамандар даярлауда жаңа талаптар қоя бастады. Бұл өзгерістер тәлімгерлердің ғылыми-инновациялық білімділігін қалыптастыру талаптарына қаншалықты қатысты болса, жоғары оқу орындарында соншалықты ғылыми-инновациялық ортаны кеңейту қажеттігі туындайды. Осыған орай қазіргі кезде қоғамның ақпараттануы жағдайында шаруашылық пен өндірістің әр түрлі саласында еңбек ететін жұмысшылар мен мамандардың кәсіби біліктіліктерін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және инновациялық іс-әрекетке даярлау мәселелеріне үлкен мән беріліп отыр.

Сол себепті бүгінгі күні Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары алдына әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзыретті, сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отыр. Қазіргі кез маманының біліктілік деңгейінің өзекті көрсеткіші инновациялық іс-әрекетке даярлау мәселесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары қатарында білім беру жүйесін дамытудың басымдығы; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі; жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту көрсетіледі [1]. Ал бұл принциптердің іс жүзіне асуы білім беру мазмұнын жаңартумен тығыз байланысты. Білім беру мазмұнын жаңарту білім беру жүйесінің барлық деңгейлерін қамту керек. Мамандарды кәсіби даярлау жүйесінің де бұл үдерістен тыс қала алмайтыны түсінікті. Себебі «жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары біліктілікті бере отырып, мамандар даярлауға, олардың кәсіптік даярлығының деңгейін дәйектілікпен арттыруға бағытталады».

Бұл бағдарламада «кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатыны» ерекше көрсетілген.

Жалпы, кәсіби білім беру мәселелері әр уақытта да ғалымдардың назарынан тыс қалмаған. Мәселен, Ш.А.Әбдіраман, С.И.Архангельский, Г.К.Ахметова, Б.Әбдікәрімұлы, Г.Әбілқасымова, Ю.К.Бабанский, А.П.Беляева, В.П.Беспалько, В.В.Егоров, Н.А.Завалко, С.Т.Каргин, К.М.Кертаева, Н.П.Қоқанбаев, В.В.Краевский, А.Қ.Құсайынов, Н.А.Мыңжанов, А.Қ.Нұрғалиева, А.П.Сейтешев, М.Н.Скаткин, В.А.Сластенин, Ә.Ә.Усманов, И.С.Өтебаев, Н.Д.Хмель, Л.А.Шкутина, тағы басқалар кәсіби білім берудің түрлі аспектілерін зерттеген. Бұл еңбектердің ішінде болашақ кәсіби оқыту педагогтарын кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесіне арналған зерттеулер де аз емес.

Жоғары мектеп педагогикасының күрделі де маңызды мәселесі бұл студентті келешек мамандығына жақындату, іскер маман даярлау, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыру, қажетті біліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Осындай жан-жақты жетілген маман даярлау үшін оқыту, білім беру үдерісін жетілдіру, жаңа педагогикалық технологияларды, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін енгізу керек. Сонымен бірге оқу үдерісін қарқындату, белсендіру, ақпараттандыру да көзделді.

Қазір республикада оқу орындарының педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәрбиеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқыту үдерісінің ерекшеліктеріне орай тандап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасында дүние жүзінің дамыған елдері сияқты бірыңғай білімдік-ақпараттық кеңістік қалыптасып келеді. Ал білім беру саласын ақпараттандыру тек қана оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістерін жетілдіріп, өзгертіп қана қоймайды, сонымен қатар бүкіл оқыту үдерісін басқарудың және бақылаудың жаңа әдістерінің пайда болуына жағдай жасайды. Дұрыс іске қосып, пайдаланған жағдайда ақпараттық технологиялардың мүмкіндігі мол оқу-әдістемелік материал жинақталады, оқу материалының қолдану тиімділігі арттырылады, жеке бағдарламалармен жұмыс істеуге мүмкіндік туады, сабаққа дайындалу мен оны өткізудің тиімділігі артады, оқытушы өзі немесе студенттердің көмегімен оларға таратылатын дидактикалық материалды көбейтеді, студенттердің білім дәрежесін қадағалап, бақылауға мүмкіндік береді [2].

Дегенмен, бұрынғы оқыту технологиясының негізінен сөз арқылы мәлімет беруге сүйенетіні белгілі. Ал бірақ адам жадында кез келген мәлімет басқаша жинақы түрде сақталатынын ғалымдар анықтаған болатын, онда олар компьютерлік технологиялар арқылы оңай көрсетілетін көрнекі бейнелер, дыбыстар немесе схемалар тәрізді күйде орналасады екен. Осыған орай болашақта электрондық кітапханалар ұйымдастырылып, онда оқыту үдерісінде қолдануға ұсынылған электрондық басылымдар, арнайы әзірленген оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулар болуы тиіс. Әрбір факультетте жалпы және кәсіби білім беретін пәндерден оқу-әдістемелік материалдардың мәліметтік базалары жиынтығын, қолда бар компьютерлік техникалар мен институттың компьютерлік орталықтардың тәжірибесін негізге алған деканат тәрізді ұйымдастыру-басқару бағдарламаларымен жабдықталған бөлімдер жұмыс істеуі қажет.

Білім беру үдерісін оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің жаңа түрлері пайда болғандығын атап өту қажет, олар: гипермәтін түрінде ұсынылған дәріс материалдарының электронды нұсқасы немесе мультимедиялық курстар және интерактивтік оқыту бағдарламалары түріндегі электронды нұсқалар. Жаңа технологияларға сүйенген оқыту бағдарламаларының сапасы шығатынын тағы да айтқанның артығы бола қоймас. Оқыту бағдарламаларын дайындау педагогика саласында терең зерттеулер жүргізіп, оларды жаңа білім жүйесін қалыптастыруға бейімдеу ісін жолға қояды. Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды өмірге енгізу үдерісі тәжірибе арқылы расталған ғылыми-әдістемелік және педагогикалық тұрғыдан басталуы тиіс.

Осыған орай, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, кәсіптік оқыту педагогтарын инновациялық іс-әрекетке даярлау деп технологиялық үдерістерді өз бетімен ұйымдастыруға және орындауға қажетті білім, іскерлік, дағды жүйесін инновациялар арқылы жеке тұлғаның құзыреттілігін және оны тиімді етіп қолдана білуін қамтамасыз ететін кәсіби іс-әрекетті айтамыз.

Кәсіптік оқыту педагогтарын инновациялық іс-әрекетке даярлаудың мазмұнын жоғары оқу орындарында педагогикалық инновацияларды ендіру арқылы политехникалық білім беру және технологиялық оқыту мен тәрбиелеу құрайды. Педагогикалық инновацияларды ендіру оқыту мазмұнына бүгінгі қоғамда білім беру саласында жүріп жатқан реформаларға сәйкес жаңашылдықты енгізуді, оқу-тәрбиесін оқытудың жаңа технологиялары арқылы ұйымдастыруды, сонымен бірге студенттердің технологиялық біліктері мен дағдыларын қалыптастыруда жаңа техникалық құрал-жабдықтарды пайдалануды қамтамасыз етеді.

Кәсіптік оқыту педагогтарын инновациялық іс-әрекетке даярлау инновациялық білім мазмұны, инновациялық оқыту және оқытуды инновациялық тұрғыдан ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады [3]. Болашақ мамандарға инновациялық даярлық беру барысында барлық жаңа нәрсенің үнемі және барлық уақытта дұрыс нәтиже бере бермейтінін есепке алу қажет:

– жаңа енгізілімдер барлық кезде кәсіптік оқыту педагогының даярлауда кездесетін қайшылықтардың шешу құралы болып табылмайды. Сондықтан оларды біржақты қарастырмау керек;

– әрбір жаңа құрал толық бір нақты жағдайларда туындап, белгілі бір педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталады, сондықтан оқытудың жаңа құралдарын таңдау кезінде нақты жағдайға талдау жасай отырып, оларды атқаратын қызметіне сай пайдалану тиімді болады;

– жаңалықтың, жаңа енгізілімдердің ғылыми тұрғыдан дәлелденгеніне қарамастан, олардың нәтижелілігі материалдық және педагогикалық шарттарға байланысты, жаңа нәрсенің табысты болуын анықтайтын педагогикалық шарттарға ең алдымен педагогтың дербес ерекшеліктерін — тұлғалық даралығын, мәдениеттілігін, қызығушылықтарын т.с.с. жатқызуға болады.

Сонымен бірге студенттермен қарым-қатынас жасау біліктілігі мен кәсіби шеберлік те ерекше мәнге ие болады. Оқу үдерісінің жабдықталуы да жаңалықтардың табысты болуына жағдай туғызады. Инновациялық іс-әрекет жүзеге асыру іс-әрекетінің реті бұл жаңа білім беру бағдарламалары (1-сур.):



1-сурет. Инновациялық іс-әрекет жүзеге асыру іс-әрекетінің жаңа білім беру бағдарламалары

Инновациялық педагогикалық іс-әрекет белгілі оқытудың, тәрбие беру мен дамытудың стереотипіне қарама-қайшы, ол белгілі межеден шығып, жеке шығармашыл, өз бағытымен жұмыс істей алатын мұғалім қалыптастыруға бағытталады.

Шынында, бұл мәселенің шешімі оқытушының кәсіпкерлік шынайы іске асыруға тән сол бір ішкі объективті қайшылықты анықтаумен байланысты.

Педагогикалық жаңалық — жаңа идеялар, әдістер, технологиялар ғана емес, педагогикалық үдеріс элементтерінің бірлігінің немесе жеке элементтерінің білім беру мен тәрбиелеудегі белгілі міндеттерді тиімді шешу жолы [4].

Осыған байланысты педагогикадағы жаңалықтарды жасаушыларды ерекше атап өту қажет. Себебі, инновациялық дамудың негізгі түсініктерін ашу жаңалықтарды іске асырушы адамдарсыз мәнсіз болып табылады. Педагог-новатор — нақты жаңалықты жүзеге асырушы, сонымен бірге жаңалықты жасаушы немесе үлгісін көрсетуші. Инновациялық іс-әрекет субъектісінің басты сипаттамасы бұл саналы түрде әрекет ете білу (өз инициативасының субъективті мүмкіндіктерімен қоғамдық тәжірибеге енгізу негіздерін өз әрекетінде көрсете білуі).

Осыған орай, теориялық тұрғыдан талдау біз «кәсіптік оқыту педагогтарын инновациялық іс-әрекетке даярлау» ұғымының мәнін анықтауға, оның компоненттерін бөліп көрсетуге, студенттерде қалыптасу деңгейлеріне сипаттама беруге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында жасалынған

теориялық қорытындыларды нақтылау үшін кәсіптік оқыту педагогтарын инновациялық іс-әрекетке даярлау үдерісін ұйымдастыру қажет.

Кәсіптік оқыту педагогтарын инновациялық іс-әрекетке даярлау өте күрделі және маңызды үдеріс болып табылады, оның нәтижелі болуы көптеген субъективті және объективті факторларға байланысты [5].


Объективті факторларға жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың шарттары, кәсіби даярлықты жетілдірудің дидактикалық мүмкіндіктері, негізгі бейіндік пәндер бойынша сағат көлемінің жеткіліксіздігі, кәсіби мектептің шынайы әрекет етуші оқу-тәрбие үдерісімен қатынастың өз деңгейінде болмауы және ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің жеткіліксіздігі және т.б. жатады.

Субъективті факторларға студенттердің педагогикалық мотивациясының жеткіліксіздігі, кәсіптік оқыту педагогтарын инновациялық іс-әрекетке даярлығын жетілдіру бойынша оқытушылардың әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан даярлығының жеткілікті болмауы жатады. Аталмыш факторлар бізге кәсіптік оқыту педагогтарын инновациялық іс-әрекетке даярлау үдерісінің әрбір кезеңдерінде шешілуі тиіс міндеттер логикасы, олардың өзара сабақтастық байланысы, бір кезеңнен екіншісіне өту барысында студенттермен жұмыс істеу құралдарының, шарттарының, формалары мен әдістерінің жүйесін анықтап, дидактикалық мүмкіндіктерін іске асыру керектігін көрсетті.

Бұл мүмкіндіктер кәсіптік оқыту педагогтарын инновациялық іс-әрекетке даярлаудың үлгісі негізінде анықталады:

- ҚР МЖМБС-на сәйкес базалық және бейіндік арнайы пәндер бойынша білім мазмұны;
- оқыту құралдары;
- жаңа ақпараттық технологиялар;
- оқытуды ұйымдастыру формалары.

Кәсіптік оқыту педагогтарын инновациялық іс-әрекетке даярлау жалпы кәсіби даярлық жүйесінде базалық және бейіндік арнайы пәндерді оқыту барысында жүзеге асырылады. Бұл пәндердің негізгі мазмұнын кәсіптік педагогика және кәсіби оқыту педагогтарын даярлау тәжірибесі құрайды (2-сур.).



2-сурет. Педагогикалық тәжірибенің кеңейтілген құрылымы

Мазмұн білімді меңгеру тәсілін анықтайды, мұнда жүйе элементтерінің белгілі бір дәрежеде өзара әрекеттесуі талап етіледі және оқытудың құрамы анықталады, сонымен бірге мазмұн оқу іс-әрекетінің әдістері, ұйымдастыру формалары және оқыту, тәрбиелеу, тұлғаны дамыту үдерісі құрылатын негізгі көз болып табылады [6, 7].

Кәсіптік оқыту педагогына берілетін білім мазмұны оның болашақ кәсіби қызметіне қажетті білім, білік және дағдыларды игеру барысы мен нәтижесін қамтамасыз ете отырып, өмірге және болашақ кәсіби қызметіне даярлаудың қажетті шарты болып табылады.

Тұлғаға бағдарланған білім беру мазмұны туралы В.В.Сериковтің [8] жасаған қорытындыларына сүйене отырып, біз білім беру мазмұны қоғамды, ғылымды, мәдениетті, әлеуметтік тәжірибенің басқа да салаларын дамыту мәселелеріне бағдарлануы тиіс деп есептейміз, бұл оның сабақтастығы мен көпжақтылығын қамтамасыз етеді. Мазмұнға білім, білік, дағдылармен қатар үдерістің өзі де кіреді, оларды игеру мен күнделікті өмірде қолдану тәжірибесі, өз бетімен білім алу жолдары мен тәсілдері білім мазмұнының компоненті болып табылады. Мұнда студент оқу-тәрбие үдерісінің айқын басымды объектісінен оның субъектісіне айналады. Студенттің субъекті ретінде қалыптасуы оның санасын, өзіндік санасын және рефлексиясын белсендіреді, шығармашылығы мен ізденімпаздығын кеңейтеді, жауапкершілігі мен қабілеттерін арттырады.

Қазіргі кезде өндірістік-оқытудың жаңа құралдары мен техникаларын ендіру өндірістердегі жұмысшылар еңбегінің сипаты мен мазмұнын түбегейлі өзгертті. Қазіргі заман өндірісінің жұмысшысынан инновациялық даярлық пен терең кәсіби технологиялық білім, білік, дағды талап етіледі. Кәсіби білікті жұмысшының ролін көтеру кәсіби оқыту педагогының даярлығына байланысты. Сондықтан кәсіптік оқыту педагогтарын арнайы технология оқытушысының, әрі өндірістік оқыту шеберінің қызметін атқаруға қабілетті етіп даярлаудың маңызы зор. Ең басты міндет жаңа өндірістік оқыту құралдарын пайдалана отырып, болашақ мамандарды еңбектің пәндік саласына ықпал етудің жалпы тәсілдерін оқып-үйрену барысында оларды сол өндіріске қатысты нақтылауға, ал нақты технологияларды оқыту барысында жалпы технологиялық үдеріске тән сипаттарды табуға үйрету қажет. Міне, осылайша кәсіптік оқыту педагогтарын инновациялық іс-әрекет даярлық жаңа өндірістік оқыту құралдарының ғылыми негіздерін оқып-үйренуді ғана қарастырмайды, сонымен бірге оларды технологиялық үдеріс барысында қолданудың тәсілдерін оқып-үйренуге жағдай жасайды, ал мұның кәсіптік оқыту педагогтарының болашақ мамандығы үшін қажеттілігі мол.

Әдебиеттер тізімі

- 1 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://online.zakon.kz/Document>
- 2 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>
- 3 *Шкутина Л.А.* Подготовка педагога профессионального обучения на основе интеграции педагогических и информационных технологий: Автореф. ... д-ра пед. наук. — Киров, 2002. — 32 с.
- 4 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: http://sabah.ucoz.org/load/doklady/innovacijaly_is_reket/19-1-0-31
- 5 *Әбілқасымова Г.* Болашақ кәсіби оқыту педагогының инновациялық-технологиялық даярлығын жетілдіру: Пед. ғыл. канд. ... автореф.: 31.05.2008. — Қарағанды, 2008. — 27 б.
- 6 *Краевский В.В.* Методология педагогического исследования: Пособие для педагога-исследователя. — Самара: Изд-во СамГПИ, 1994. — 165 с.
- 7 *Краевский В.В.* Педагогическая теория. — Волгоград: Перемена, 1996. — 85 с.
- 8 *Сериков В.В.* Личностный подход в образовании: концепция и технологии: Монография. — Волгоград: Перемена, 1994. — 152 с.

Г.Абилқасымова, Г.И.Исина

Проблемы подготовки педагогов профессионального обучения к инновационной деятельности

В статье рассматриваются проблемы подготовки педагогов профессионального обучения к инновационной деятельности. Проведен анализ инновационной деятельности, ориентированной на новые идеи, показаны инновационные методы преподавания и профессиональный опыт в учебно-воспитательном процессе на основе действий, связанных с уровнем образования обучающихся. В работе дается анализ содержания профессиональных знаний, умений и навыков при подготовке педагогов профессионального обучения.

G.Abilkasimova, G.I.Issina

On the problems of training teachers of vocational training to innovation activities

The article deals with the problem of training teachers of vocational training to innovation. The analysis has been done concerning the innovation activity focused on new ideas, innovative methods of teaching and professional experience in the educational process on the basis of activities related to the education of students. The authors analyzed the content of professional knowledge and skills in the preparation of teachers of vocational training.

References

- 1 [ER]. Access mode: <http://online.zakon.kz/Document>
- 2 [ER]. Access mode: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>
- 3 Shkutina L.A. *Preparation of the teacher of vocational training based on the integration of teaching and information technology*: Abstract. ... doc. ped. Sciences: Kirov, 2002, 32 c.
- 4 [ER]. Access mode: http://sabah.ucoz.org/load/doklady/innovacijaly_is_reket/19-1-0-31
- 5 Abilkasimova G. *Improving innovation and technological preparation of the future teachers of vocational training*: Abstract. ... cand. ped. Sciences: 31.05.2008, Karaganda, 2008, 27 p.
- 6 Krajewski V.V. *Pedagogical research methodology: A guide for the teacher-researcher*. Samara: Univ SamGPI, 1994, 165 p.
- 7 Krajewski V.V. *Pedagogical theory*. Volgograd: Peremena, 1996, 85 p.
- 8 Serikov V.V. *Personal approach to education: the concept and technology. Monograph*. Volgograd: Peremena, 1994, 152 p.